

"2021 – 2023 жылдарға арналған Аманөткел ауылдық округінің бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 460 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 31 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 мамырда № 8325 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021 – 2023 жылдарға арналған Аманөткел ауылдық округінің бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 460 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8106 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021 – 2023 жылдарға арналған Аманөткел ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 80 372 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 950 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 77 422 мың теңге;

2) шығындар – 83 089 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2 717 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 717 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Арал аудандық мәслихатының кезектен тыс төртінші сессиясының төрағасы

Арал аудандық мәслихатының хатшысы

А. Садуакасова

Б. Турахметов

Арал аудандық мәслихатының

2021 жылғы 29 сәуірдегі № 31

шешіміне қосымша

Арал аудандық мәслихатының

2020 жылғы "31" желтоқсандағы № 460

шешіміне 1-қосымша

Аманөткел ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	80 372
1			Салықтық түсімдер	2 950
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 950
		1	Мүлікке салынатын салықтар	37
		3	Жер салығы	106
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 807
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	77 422
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	77 422
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың)	77 422

			бюджетінен трансферттер	
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	83 089
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29 838
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	29 838
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29 838
05			Денсаулық сақтау	97
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	97
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	97
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16 963
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16 963
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 886
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	405

		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	14 672
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	34 761
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	34 761
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	34 761
13			Басқалар	1 430
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1 430
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 430
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			Бюджеттік кредиттер	0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0

			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2 717
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 717
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 717
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 717
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 717
	2		Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
		01	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0